

1945 жылғы 27 февраль. № 235.

И. СТАЛИН.

1945 жылғы 28 февраль. № 286.

27 февральда барлық майдандарда немістердің 29 тапкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 6 самолеті атып түсірілді.

ССРО ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ МЕН БН(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

(Соңы. Басы газетіміздің өткен санында).

а) Көктемгі егіс жұмыстары басталғанға дейін әрбір колхозда белгіленген егіс жоспарын орындауға жетерлік мөлшерде дәнді егістер, техникалық егістер, овоң, мада азықтық егістер және картоф тұқымның толық құйылуы қамтамасыз етілсін, тұқым қорларының сапалы және жақсы сақталуы ұқыптылықпен бақыланып отыратын болсын;

б) Егіске жарамсыз тұқым немесе жай тұқым сортты тұқымға айырбасталсын;

в) Әрбір колхозда барлық егістердің тұқым қорлары толық тазартылып, іріктеліп, тиісті кондицияға жеткізілсін және тұқымның өңіндігі, ылғалдығы, арам шөп дәндерінің араласуы, кесел және зиянды жәндіктер түсуі мезгілінде тексерілсін.

г) Шығыс және солтүстік аудандарда жарамды, бірақ өңіндігі жағынан кондицияға толмайтын тұқымды ерте көктемде жездету, шұдалап жайын жылы ауамен қыздыру, кейіннен тұқым-бақылау лабораторияларында өңіндігін тексеру жолымен мұндай тұқымды өңдеудің академик Лисенко ұсынған әдісі кеңінен қолданылсын.

7. Республикалардың Халық Комиссарлары Советтеріне, өлкелік (облыстық) атқару комитеттеріне, Одақтас республикалар Коммунист Партияларының Орталық Комитеттеріне, БН(б)П өлкелік комитеттері мен облыстық комитеттеріне мынадай шаралардың орындалуын қамтамасыз ету міндеттелсін:

а) Жұмыс аттары мен өгіздер егіс жұмыстары маусымының басынан аяғына дейін егін бригадаларына, ал бригада ішінде жеке колхозшыларға бекітіліп берілсін;

б) Көктемгі егіс жұмыстары маусымына арнап әрбір жұмыс малы үшін хажетті мөлшерде пішен және құнарлы мал азығы бөлінсін;

в) Колхоздарда, МТСар мен совхоздарда өндіріс-қаржы жоспарларын жасау, МТСар мен колхоздар арасында шарт жасау, сол сыяқты колхоздарда, совхоздар мен МТСарда трактор және егіс бригадаларының жұмыс жоспарларын жасау 1945 жылғы 1 апрельден кешікпей аяқталсын, бұл жоспарларда өндіріс бригадаларына, колхозшыларға және совхоз жұмысшыларына бекітіліп берілуі, колхозшылар және МТС мен совхоз

жұмысшыларының жұмыс түрлеріне бөлінуі көрсетілсін;

г) Жер учаскелерінің егіс бригадаларына бекітілуі және көктемгі егіс жұмыстары басталғанға дейін звеноларға бекітілетін егістер керекті учаскелердің белгілеп берілуі тексерілсін және бұл жөнінде колхоздарға көмек көрсетілсін;

д) Көктемгі егіс жұмыстары басталудан екі апта бұрын әрбір колхоздың, МТС мен совхоздың көктемгі егіске даярлығы тексерілсін, бұл жөнінде өзара тексеру әдісі кеңінен қолданылсын.

8. Колхоздарға көлік жеткіліксіз болса, колхоздар мен колхозшылардың өнімі аз сыйырларын жеңіл-желпі егіс және транспорт жұмыстарына пайдалану, бұл сыйырлардың жақсы күтілуін қамтамасыз ету ұсынылсын. Колхозшылардың жұмысқа шығарылған сыйырларымен, әдетте, сол сыйырлардың өз иелері жұмыс істейтін болсын.

Колхозшылардың сыйырларын егін және транспорт жұмыстарына пайдаланғанға бұл сыйырларға хажетті мөлшерде пішен бөлінуі қамтамасыз етілсін.

9. Аудандық атқару комитеттеріне, аудандық партия комитеттеріне, колхоздардың басқармаларына және совхоз директорларына колхоздарда және совхоз жерінде тұратын жұмысқа жарамды барлық адамдардың — колхозшылардың, олардың ішіндегі адамдардың, совхоз жұмысшылары мен қызметшілерінің және олардың үй-ішіндегі адамдардың, сол сыяқты колхозда жоқ, өнеркәсіп пен транспортта жұмыс істемейтін жұмысқа жарамды басқа адамдардың ауыл шаруашылық жұмыстарына міндетті түрде қатыстырылуын қамтамасыз ету міндеттелсін.

10. Егіс жұмыстары басталудан біраз бұрын колхоздар басқа жаққа жұмыс істеу және көлік беру міндетінен босатылсын, ССРО Халық Комиссарлары Советінің қарарымен колхоздардан қандай жұмысқа болса да көлік алуға тыйым салынсын. Егіс жұмыстары басталудан кейінгі үш апта бұрын көлік жақсы күтімге және тынығуға қойылсын. Колхоздардың көлігін заңсыз жұмысқа алған айыпты адамдар қылмысты ретінде жауапқа тартылсын.

11. ССРО Халық Комиссарлары Советінің рұқсатынсыз тракторларды, МТСқа жанамай тасудан басқа транспорт жұмыстарына және егістен басқа жұмыстарға пайдалануға тыйым салынсын.

III. ЕГІННІҢ ӨНІМІН АРТТЫРУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Егіс жұмыстарының сапасын бұрынғыдан жақсарту және барлық ауыл шаруашылық егістерінің өнімін арттыру мақсатымен ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БН(б)П Орталық Комитеті ССРО Жер Халық Комиссариатына, ССРО Совхоздар Халық Комиссариатына, ССРО Тамақ Өнеркәсібі Халық Комиссариатына, ССРО Ет-сүт Өнеркәсібі Халық Комиссариатына, жергілікті партия, совет және жер орындарына, колхоз басқармаларына, МТС мен совхоз директорларына мынадай маңызды шараларды жүзеге асыруды міндеттеді:

1. Әрбір колхоз мен совхозда көктемгі егіс жұмыстары басталғанға дейін агрономдардың күшімен, колхоз басқармаларымен, совхоз директорларымен және тәжірибелі колхозшылармен бірге, 1945 жылғы егісті өткізу және егістерді күту жөнінде қолданатын агротехникалық шаралар белгіленсін.

Бұл шаралар барлық егістердің ауыспалы егіс даласына, ал ауыспалы егіс жоқ жерде әрбір егіс үшін оған дейін қолданылатын егістер жерлерге дұрыс орналастырылуын, тұқым себу алдынан жердің жақсы өңделуін, әрбір егістің агротехникалық жақсы мерзімдерде егілуін, тұқымның жерге ұқыптылықпен сіңірі-

луін, жергілікті тыңайтқыштардың толық пайдаланылуын, арам шөптерді, ауыл шаруашылық егістерінде болатын зиянды жәндіктер мен кеселдерді жою жұмыстарының неғұрлым кең көлемде жүргізілуін, оталатын егістерден, әсіресе мақта, қант қызылшасы, күнбағыс, сапалы дән, көкдір, картоф және овоң сыяқты егістердің жақсы күтілуін баптауын көздеуі болу керек.

Колхоздардың агрономдармен бірігіп белгілеген агротехникалық шараларын, сол шараларды белгілеген агрономның рұқсатынсыз немесе аудандық жер бөлімінің бас агрономының рұқсатынсыз, ал совхоздарда трестің бас агрономының рұқсатынсыз кімнің де болса бұзуына немесе өзгертуіне тыйым салынсын.

ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БН(б)П Орталық Комитеті таза пар жырту және оны баптау, зябь жырту жұмыстарының мемлекеттік жоспарларын өзгертпей орындау керек екенін ерекше ескеріп, көп аудандарда соғыс кезінде егістің жерлерді арам шөптер басып кеткен, сол сыяқты арам шөптерді мұнысыз жоюға және егінің өнімін мұнсыз ойдағыдай арттыруға болмайтынына ерекше көңіл аударады.

2. Советтер Одағының қуаңшылық бо-

лып тұратын және шінара қуаңшылыққа ұшырайтын аудандардың колхоздары мен совхоздарында егіннен тұрақты және мол өнім алынуын қамтамасыз ету мақсатымен, бұл аудандардың жергілікті совет, партия, орындарына, колхоз басқармаларына, МТС мен совхоз директорларына колхоздардың, МТСардың және совхоздардың барлық күші мен құралын ең алдымен жер қыртысында ылғалдың неғұрлым көп жинайтын сақталуына және 1945 жылғы колхоздар мен совхоздарда егіннен мол өнім алынуын қамтамасыз ететін агротехниканы қолдану міндет етілсін, мұның үшін:

а) Аудандарда, аудандардың колхоздары мен совхоздарында қар тоқтату жоспарының барысы тексеріліп, бұл жұмысты күшейту жөнінде қосымша шаралар қолданылсын;

б) Колхоздар мен совхоздардың егін даласында көктемгі қар суын тоқтату жұмысын кеңінен ұйымдастырылсын;

в) Зябь жыртылған жердің, қара пардың және күзгі жыртылмаған оталмалы егістер өгілген учаскелердің бір-екі ізбен тырмаланылуы қамтамасыз етіліп, жер бетінің топырағы кемінде 1—2 сантиметр қалыңдықта қопсылатын (кебуден сақтау үшін) болсын.

Көктемде жыртатын учаскелерде, сол сыяқты пар жыртуға арналған учаскелерде көктемнің алғашқы күндеріне тереңдігін 3—5 сантиметрге жеткізе жер қыртысын индустриал 1—2 рет сыдыра жырту-қопсыту арқылы жердің ылғалы сақталатын болсын.

Ылғалды сақтау және арам шөпті жырту үшін күресу егіннен мол өнім алу күресінің аса маңызды шараларының бірі болғандықтан, ылғал сақтау үшін жер қыртысының кебе бастауына қарай барлық тракторлар мен көліктер дереу пайдаланылып отырылсын;

г) Колхоздарда, МТСар мен совхоздарда жер қыртысының баптауын кең қамтығып, тракторларға, көлікке тіркелетін құралдарды дер кезінде жөндеуді қамтамасыз ететін шаралар қолданылсын, дүңгіншіліктер, дисбалы-тырмалар, бидай соқалары, кул тизаторлар, драпачтар, ұсақ темір тігетін орнатпаған ағаш тырмалары тағы басқалары дер кезінде жөндеуі және жергілікті өнеркәсіп орындарына, МТСарға, МТИларға, совхоздар мен колхоздардың ұста дүкендеріне жер қыртысын қопсыту-сыдыра жырту жұмысына керекті құралдардың оңай түрлерін жөндеу, қалпына келтіру, жаңадан жасап шығару жөнінде тапсырмалар белгіленсін;

д) Тажырым көп жаятын арам шөптер (бидайық, осот тағы басқалары) басқан жерлер көктемде бірінші кезекте тиісті тереңдікке жеткізіле жыртатын болсын. Алдында сыдыра жыртылған, қопсытылған жерлерде тажырым көп жаятын арам шөптер жоқ болсын, ал бір жылдық арам шөптер (әсіресе тағы басқалары) өсе бастаған болса, мұндай жерде егісті тездету мақсатында жерді 10—12 сантиметр тереңдікке жыртуға жол берілсін, онда жердің қыртысы жақсы аударылып отыратын болсын, жер жыртатынымен бірге шінала тырма тартылатын болсын, ал алдында сыдыра жыртылмаған жерлері 10—12 сантиметр тереңдікте жыртуға тыйым салынсын;

е) Қуаңшылық болатын аудандардың колхоздары мен совхоздарына өздерінің күшімен, сайларын бөгеу, ұсақ өзендерді, бұлақтарды бөгеу, өскі тоғандарды көршеу әдісі, су қоймаларын салып алу және мүмкіндігі бар әрбір колхозда сақтық егістері үшін 5—15 гектар мөлінеінде суармалы егіс учаскелерін ұйымдастыру, оған картоф, овоң, ауыл шаруашылығының тағы басқа егістерін егу,

су қоймаларын салу жөнінде аудандар мен колхоздарға тапсырмалар белгілеу ұсынылсын.

3. Совет, партия және жер орындарына мыналар міндеттелсін:

а) Сібірдің, Оралдың және Қазақ ССР-нің солтүстік облыстарының жартылай қуаңшылық аудандарынан басқа, оңтүстік-шығыс аудандарында, сол сыяқты басқа да қуаңшылық және шінара қуаңшылық болып тұратын аудандарда жеке учаскелерде жер қыртысының жетілуін қарай зябь жыртылған жерлерде дереу егіс алдында жерді баптау жұмысы немесе көктемде жер жырту және тұқым себу жұмысы жүргізілсін, көктемде жерді жырту және тырмалау жұмыстарының арасында азықтық болуына, сол сыяқты жаздық бидайдың тағы басқа ерте егілетін жаздық егістердің кеш егілетін жол берілмесін. Сонымен қатар жер қыртысында ылғал жектен тыс көп болғандықтан ылғал сақтау шарасы істелмеген учаскелерде ылғал сақтау жұмыстары жүргізілсін;

б) Сібірдің, Оралдың, Қазақстанның солтүстік облыстарында шінара қуаңшылық болып тұратын аудандарында апрельде зябь жерінде ылғал сақтау үшін егіске арналған жерлерді неғұрлым көп жырту және тырмалау жөнінде хажетті шаралардың бәрі қолданылсын, ал майда жыртатын учаскелерде ылғал сақтау шаралары қолданылсын. Жаздық бидайы ең алдымен оның кеш пісетін сорттарын егу жұмысын апрельдің алғашқы күндерінде басталып, бұл жұмыс 15—20 майға дейін аяқталатын болсын. Бұл аудандарда сулы егісі майдың екінші өңкүнінен бастап егілсін.

Жоғарыда көрсетілген аудандарда бидай, жабайы кендір егісіне дереу тұқым себілетін болсын.

Тажырым көп жаятын арам шөптер басып кеткен учаскелер көктемде бірінші кезекте тиісті тереңдікке жеткізіле жыртатын болсын.

в) Сібірдің, Оралдың және Солтүстік Қазақстанның кеш егілетін егістеріне шөп қалатын немесе суыққа ұрынатын аудандар көктемгі егіс 10 нөңнен кешікпей толық аяқталатын болсын.

4. Көктемгі кезде күздік егістерді күту жұмыстары: егісті тырмалау, оларға үстеме қорек беру, сол сыяқты егістің арам шөпін отау дер кезінде жүргізілуі қамтамасыз етілсін, бұл шаралар көктемгі егісті өткізудің жұмыс жоспарына енгізілетін болсын.

Сібір мен Солтүстік Қазақстанның егістерінің түбін жел қопарып кететін далалы аудандарда аңызға егілген күздік егіс көктемде тырмаланатын болсын, бірақ көктемде күздік егістердің арам шөпін әсіресе жусанын отау қамтамасыз етілсін.

5. Егістерді, әсіресе оталмалы егістерді күту жұмысын жақсартуға ерекше көңіл бөлінсін, арам шөптерді отау жұмыстары және оталмалы егістердің қатар аралығын баптау жұмыстарын жүргізуге қалалардан, аудан орталықтарынан еңбекке жарайтын адамдар мен жастарды жіберу арқылы колхоздар мен совхоздарға көмек көрсетілсін.

6. Тыңайтқыштарды неғұрлым көп пайдалану мақсатында республикалардың, өлкелердің, облыстар мен аудандардың совет, партия және жер орындары мыналарға міндеттелсін:

а) Әрбір колхоз үшін 1945 жылғы жергілікті тыңайтқыштарды пайдаланудың жоспары белгіленіп, онда қанша жер тыңайтуға тиісті екені көрсетілсін, көңді, қорданы, көң салдырасын, күлді, тауық қырын, тағы басқа тыңайтқыштарды толық пайдалану, оларды ең алдымен (Жалғасы 3-бетте).

ССРО ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ МЕН БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

(Соңы).

техникалық және оғаш егістеріне, картоф егісіне, дәнді егістердің тұқымдық учаскелеріне, сол сияқты күзде егілетін астыққа жыртылатын парға пайдалану көрсетілісін;

б) Шым тезекті жерлерге жақын колхоздарда шым тезекті жер тыңайтуға кеңінен пайдалану, шым тезекті көңге, көң салдырасына, фекалияға тағы басқа тыңайтқыштарға қосып пайдалану жұмысы ұйымдастырылсын;

в) Өнеркәсіп қалдықтарын және қалалардың тұрғысына пайдаланудан қалған қалдықтарды тыңайтқыш ретінде пайдалану жұмысы ұйымдастырылсын, бұл тыңайтқыштарды тасуға қаланың транспорты пайдаланылып, колхоздарға көмек көрсетілісін;

г) Сельхознабтың, станциялар маңындағы және престаньдар маңындағы пункттердің складтарынан минералдық тыңайтқыштарды тасу және оны техникалық егістерге, суармалы жерлерге бірінші кезекте пайдалану қамтамасыз етілісін.

7. ССРО Жер Халық Комиссариатына, совет, партия және жер орындарына көктемгі егіс басталғанға дейін әрбір колхозда әрбір егіс жерінен белгіленген мөлшерде тұқымдық учаскелер бөліп, бұл учаскелерді жеке звеноларға бекітіп беруді, бөлінген тұқымдық учаскелерде жоғары агротехниканы қолдануды, зияб жыртылған немесе пар жыртылған жерге жақсы сапалы сортты тұқым себуді, оның өзін ең қолайлы агротехникалық мерзімдерде себуді, сол сияқты тұқымдық учаскелердегі егісті жақсы күтуді, бөлінген тұқымдық учаскелерді ақтыда көрсетіп, төртіншеуді қамтамасыз ету міндеттелісін.

Аудандық жер бөлімдерінің тұқым өсіру жөніндегі агрономдары мен колхоз председателдеріне колхоздардың тұқымдық учаскелерін дұрыс бөліп, бұл учаскелерде тағайындалған агротехника шараларын жүзеге асыру үшін жауапкершілік жүктелісін.

8. 1945 жылдың ішінде егіс орындарын ауыстырып егетін барлық колхоздарда егіс далаларының шекарасының белгіленуі және шекара белгілерінің сақталуы, егістердің тағайындалған өреже бойынша дұрыс орналастырылуы тексерілетін болсын.

Егіс жерін ауыстырып егетін колхоздарда және егіс жерін ауыстырып ету жоспары жоқ немесе 1944 жылы егістерді іс жүзінде орналастыру жұмысы жоспар бойынша жүргізілмеген колхоздарда егіс жерін ауыстырып ету жоспарларын жасалсын, бұл жоспарлар анықталсын, сол сияқты егіс далаларының жыртылған шекаралары мен жойған шекара белгілері қалпына келтірілісін.

9. Егіс жерін ауыстырып отыру жұмысын неғұрлым тегіс игеру және бұл жұмыста академик Вильямс ұсыған бүршақ тұқымды, егістер мен көп жылдық шөптерді араластыру әдісін кеңінен қолдану мақсатында, 1945 жылы әрбір колхоз бен совхозда тұқым алу үшін көп жылдық шөптердің егілуі қамтамасыз етілісін, сойтіп алдағы 2—3 жыл ішінде колхоздар мен совхоздар егіс жері ауыстырылып егілетін шөптердің егіс аланын өз тұқымдары мен қамтамасыз ете алатын болсын. Көп жылдық шөптің агротехникасын меңгеру е, шөптен мол өнім және тұқымды мол алуда, ауыспалы егісті неғұрлым тезірек меңгеруде колхоздарға агротехникалық көмек ұйымдастырылсын. 1945 жылы колхоздар мен совхоздарда көктемге шөп шыға бастаған

кезде көп жылдық шөп егістерінен тұқым алу үшін шөбі неғұрлым бітік шыққан учаскелер бөлінеін, олар жақсылап күтілетін болсын, тұқымды алуға өнімді мол беретін жергілікті бітік шыққан шөптерді, көп жылдық шөптің қысқа төзімді сорттарын табуға және оның тұқымдық учаскесін бөлуге ерекше назар салынсын.

10. ССРО Халық Комиссарлары мен БК(б)П Орталық Комитеті оңтүстік-шығыстың, Оралдың, Қазақстанның және Сібірдің республикаларының Халық Комиссарлары Советтерінің, өлкелік (облыстық) атқару комитеттерінің, облыстық және өлкелік партия комитеттерінің алдына қысқа мерзім ішінде жазғы егіс көлемін және өнімін соғыстан бұрынғы дәрежесіне жеткізуді негізгі міндеттер етіп қойып, бұларға 1945 жылы белгіленген жаздық бидай жоспарын сөзсіз орындауға қажетті шаралардың барлығын қолдануға міндеттейді.

11. Жаздық бидай егісінің көлемін тезірек қалпына келтіру мақсатында Куйбышев, Пенза, Саратов, Сталинград, Тамбов, Ульянов, Кемеров, Корган, Новосибир, Омскі, Томскі, Тюмень, Иркут, Молотов, Челябині, Чита, Чкалов облыстарының, Алтай, Хабаров, Краснояр өлкелерінің, Башкұрт, Татар АССРларының, Қазақ ССРның колхоздарына, 1945 жылы тұқымдық жаздық бидай учаскелерінің көлемін іс жүзінде егілген егіс көлемінің 20 процентіне дейін жеткізіп көбейтуге рұхсат етілісін.

12. Жаздық бидай егісі ең алдымен тыңнан жыртылған және көп жыл бойына тыңайған жерден жыртылған, пар немесе зияб айдалған, көп жылдық шөптің орнынан пар жыртылған, сол сияқты таза пардан егілген күздік себілген жерлерге орналастырылатын болсын.

ССРО Жер Халық Комиссариатына, ССРО Совхоздар Халық Комиссариатына, өлкелік, облыстық атқару комитеттеріне, республикалардың халық комиссарлары советтеріне талуда 2—3 жыл ішінде колхоздар мен совхоздардың жаздық бидайды зияб пен пар жыртылған жерге егуге көшуін қамтамасыз ету міндеттелісін.

Күздік егілетін және жаздық бидай егілетін жерлерге пар жырты шығыс аудандарда көктемгі егіс аяқталуына қарай қолға алынып, пар жырты жұмысы 15 күннен көшікпей аяқталатын болуы берік тәртіпке айналысін.

Республикалардың Халық Комиссарлары Советтеріне, өлкелік, (облыстық) атқару комитеттеріне, МТС-тардың директорларына көктемгі егілетін кәсіпкер мен тракторлар бөлуіне қарай пар жыртыға тиісті мөлшерде тракторлар, кәсіпкер бөліп отыру, сойтіп парды белгімен мерзімде жыртып болу міндеттелісін.

13. Гречиханың өнімін арттыру мақсатында жергілікті совет, партия және жер орындарына мыналар міндеттелісін: гречиха егуге бөлінген учаскелерде жер қыртысын егіс алдынан дұрыс бантауды қамтамасыз етуге, ерте мерзімде жердің бетін тырмалау жұмысын, зиябті және культивациялау, көктемде жер жырты және гречиханы еккенге дейін үстемелен культивациялау Өркылы арам шөпті күрту жұмыстарына ерекше көңіл бөлінісін. Колхоздарға гречиханы 2—3 мерзімде егу, сойтіп көктем мен жаздық ауа райының қолайсыз жағдайынан егістің үлкен зияндалуына жол бермеу ұсынылсын, колхоздардағы гречиха егілген жерлерге бұл араларын апарып қою кеңінен қолданылсын.

техникалық шаралардың орындалуын қамтамасыз ету міндеттелісін:

а) мақта егуге арналған және зияб жыртылған жерлерді көктемде екі қайтара жыртыу міндетті шара болып саналсын, ал зияб жыртылған учаскелерде көктемде жер міндетті түрде қайта жыртылып, одан кейін топырағы қатты кеткен жерлерге гизель тартылатын болсын.

б) 1945 жылы жалпы мақта егісінің 80 процентіне тұқым трактор сеялкасымен себілісін, трактормен тұқым себілген егістің бәрі трактормен культивациялансын, мұнда мақта егісінің кемінде 40 процентін трактормен немесе көлікпен айқышталып бантау ескерілсін.

в) бүкіл мақта егісінде мақтаны жеке-кеуеу жұмысы дер кезінде және мойлінше сапалы өткізілісін, сойтіп жер қыртысының құнарлылығына қарай бір гектар жердегі мақта өсімдігінің түрі 75-100 мың түнтен кем болмайтын болсын.

г) мақтаның өсу дәуірінде кетпенмен төрт рет жоғары сапалы етіп бантау жұмысы және кемінде 5 рет терең культивациялау жүргізілісін.

д) мақтаның өсу кезінде суару жұмысы тиісті мөлшер бойынша ылғый бораздамен ғана жүргізілісін, суарудан кейін жер қыртысының кеуіп кетуіне жол берілмесін, бұл үшін мақтаның қатар аралығын бантауды жер қыртысы жұмысқа жараған кезеңде бастап отыру, сойтіп мақта егісінің жерінде ылғалдың әрқашан тиісті дәрежеде болуын, жердің терең қабатына дейін қопсу күйінде болуы қамтамасыз етілісін.

Мақтаны жайып суару жойылсын. Егін суаратын суды үнемдеу мақсатында суарылатын жердің беті дер кезінде тегістелісін;

е) Бүкіл мақта егілетін жерге 1945 жылы күзгі зияб жыртылсын, ол мейлінше терең (кемінде 25 сантиметр) жыртылсын.

ССРО Жер Халық Комиссариатына қажет болған жағдайларда одақта республикалардың халық комиссарлары советтерінің өтінуі бойынша көктемде мақта жерін жыртуға, сол сияқты зияб жыртыға қос қорпұсты соқаларды (үш қорпұсты соқаның орнына) пайдалануға рұхсат етуге, жанарнай жұмсау мөлшерін 20 процентке дейін арттыруына рұхсат берілісін.

2. Өзбек және Түркпен ССРларының Халық Комиссарлары Советтеріне, Қазақстан АССРның, Өзбек ССРның Хорезм облысының, Түркпен ССРның, Ташауыз облысының аудандарында жоңыш

V. ҚЫЗЫЛШАНЫҢ ӨНІМІН АРТТЫРУ ЖӨНІ ДЕ

Қант қызылшасының өнімін арттыру, оны өсірудің агротехникасын жақсарту, қант қызылшасын егетін аудандардың совет, партия және жер орындарының аса маңызды міндетінің бірі деп есептелісін. ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті республикалардың Халық Комиссарлары Советіне, өлкелік, облыстық атқару комитеттеріне, коммунист партиясының орталық комитеттеріне, БК(б)П Өлкелік және облыстық комитеттеріне мынадай шараларды іске асыруды міндеттеді:

1. Қант шығаруға өткізілетін қант қызылшасының егістері қант заводтарынан және қант қызылшасын қабылдайтын дайындау пункттерінен 15 километрден қашық кетпейтін жерлерге егілетін болсын. Жеке реттерде ғана 20-25 километрге дейін қашық жерлерге қызылша егуге рұхсат етілісін. Қызылша егетін колхоздарға еңбекті көп керек қылатын басқа егістерді артық беруге жол берілмесін.

2. Қант қызылшасын егуге арам шөп

қа тұқымын өсіру жұмысын қалпына келтіру жұмысы міндет етілісін.

3. Суармалы жерлерді суландыру жұмысын мықтап оңдау, оны сор басып кетуіне, оның саз болып кетуіне қарсы күресу, арық-каналдарды дұрыс пайдалануды ұйымдастыру, суармалы егістер және ағаштар егетін суармалы жерлерді неғұрлым толық пайдалану мақсатында республикалардың Халық Комиссарлары советтеріне, өлкелік, облыстық атқару комитеттеріне мыналар міндеттелісін:

а) өсімдіктерді өсіру дәуірінде суару басталғанға дейін егінді суаратып, су жырын жіберетін, су бөліп тұратын орындарды тазарту, қалпына келтіру және гидротехникалық құрылыстарды жөндеу қамтамасыз етілісін;

б) 1 апрельге дейін жеке арық-каналдардан су пайдаланудың мөлшері және суару мерзімдері белгіленіп бекітілісін, мұнда жер қыртысының жағдайы, қандай өнім беретіні ескерілсін. Жер қыртысының суы жер бетіне жақын болатын аудандарда суару, жер суландыру мөлшерлері қайта қаралып, кемітілетін болсын, сойтіп белгіленген мөлшердің сөзсіз орындалуы қатты бақылансын;

в) су беру жөнінде белгіленген лимитке сәйкес аудан аралығында және колхоз аралығында су бөліп беру жоспары 1945 жылғы 1 апрельден кешіктірілмей қаралып, бекітілісін. Жер мекемелері су шаруашылығы мекемелерін қатыстыра отырып, 1945 жылғы 15 апрельден кешіктірілмей колхоздың және совхоздың өз ішінде суды пайдаланудың жоспарын бекітетін болсын;

г) бұлақтан судың қанша шығып тұратынын және суармалары жердің қанша су пайдалана алатынын ескере отырып, су пайдалану жөнінде бекітілген жоспарда көрсетілген лимитке сәйкес каналдардан тиісті мөлшермен ғана су беріп тұратын болсын.

4. ССРО Жер Халық Комиссариатының, ССРО Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының орталық санақ басқармасына мыналар міндеттелісін:

а) 1945 жылдан бастап суармалы жерлердің және олардың ауыл шаруашылығына пайдаланылуының есебін алу ұйымдастырылсын;

б) 1945 жылдан бастап егін суару және суармалы егістерді бантау, егін суаратын, суды жырын жіберетін, суды бөліп тұратын орындарды тазарту, арық-каналдар мен құрылыстарды жөндеу жайында есеп берін тұру тәртібі қолданылсын.

басқан учаскелер, көбіне тыңайтқыш сіңген парлар күздік егіс жерлері бөлінсін. Оның үстіне қант қызылшасы зияб жыртылған жерге ғана егілетін болсын. Ал жыртылған зияб жеткіліксіз болған жағдайларда көктемде кемінде 20 сантиметр тереңдікке жеткізіле жыртылып, жақсы банталған жерге егілісін.

3. Қант қызылшасын дер кезінде егу, сол сияқты шаров калағаннан кейін 10 күн ішінде жеке-кеуеу қамтамасыз етілісін. Суармалы жерлерде өсу дәуірінде кемінде 5-7 рет суарылып, әрбір суарудан кейін қатар аралығын қопсытын тұру міндетті шара болып есептелісін.

4. Көктемгі егіске дейін әрбір колхозда қажетті мөлшерде жергілікті тыңайтқыштар (көң, күл, күс қыяй) даярланып, олар қызылша егетін учаскелерге тасылсын, сонымен қатар қолда бар және тасылып өкелінетін минералдық тыңайтқыштар ең алдымен қант қызылшасының жеріне пайдаланылсын.

(Жалғасы 4-бетте).

IV. МАҚТА ЕГІСІНІҢ ӨНІМІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕ

1. Бүкіл жыл бойына жүргізілетін ауыл шаруашылық жұмыстарының сапалы болуы мақта егісінің өнімін арттыру

ісіндегі аса маңызды міндет деп есептеліп, мақта егетін аудандардың совет, партия, жер орындарына төмендегі агро

ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінде

VI. МАЙЛЫ ЕГІСТЕРДІҢ ӨНІМІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕ

(Соңы).

1. Майлы егістердің өнімін арттыру қатынаста республикалардың Халық комиссарлары Советі е, облыстық (өлкі) атқару комитеттеріне мыналар едеттелсін:

а) аудандар мен колхоздарға майлы егістерді орналастыру ісі тәртіптелсін, аудандар мен колхоздарға еңбекті көк қылтасты басқа техникалық егістерге берілмейтін болсын; майлы егістер інен бұрын қалайлы егістер егілген ерге, әдетте, зябь жыртылған жерге, ал ыртылған зябь жеткіліксіз болған жағдайларда, көктемде жыртылып, жақсы идаланған кезде егілсін;

б) майлы егістер ең жақсы агротехникалық мерзімдерде егілуі, күнбағыстың, айкениң тағы басқа оталмалы майлы егістердің қатар аралығы дер кезінде италуы қамтамасыз етілсін;

в) көктемгі егіс басталғанға дейінгі эдің ішінде майлы егістерді бригадалар інде бекітіп беру жұмысы жүргізілсін, айлы егістерді жекелеп күту үшін звено ардың жеке мүшелеріне бекітіп беру ке інен қолданылсын.

2. ССРО Жер Халық Комиссарына мыналарды істеу міндеттелсін:

а) 1945 жылы неміс басқыншылардан зат етілген аудандардың бәрінде селекция және тәжірибе станцияларына сол ықты аудандық тұқым шаруашылықта ында майлы егістер жөнінен селекция және тұқым өсіру жұмысын бұрынғы қал ына келтіру ССР Одағының басқа аудан ырының селекция және тәжірибе стан ыялары мен аудандық тұқым шаруашы ықтарында майлы егістердің сортты тұ ымын өсіру жұмысын күшейтуді қамта ысыз егу жұмыстары жүргізілсін;

б) күнбағыстың жаңа сорттарын және ыт сыяқты горчицаның, бұйра зығырдың ығы басқа майлы егістердің өнімді не ғұрлым мол беретін жаңа сорттарын тез ыбейту, қолдану қамтамасыз етілсін.

3. Майлы егістерді көп егу жөнінде колхоздар мен колхозшылардың ынтасын арттыру мақсатында мыналар іске асы ырылсын:

а) ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің 1940 ылығы 17 майдағы № 804 қаулысының 8 тармағы горчица, соя, перилла, мак, арахис және леллеманция жөнінде қолда ылатын болсын, яғни колхоздардан мем лекетке міндетті түрде тапсырылатын ас ықтың есебіне төмендегі мөлшермен гор ыцаның, сояның, пеллиланьың, мактың, арахистің, леллеманцияның тұқымдары алынатын болсын: 2 центнер астық үшін горчицадан, соядан, пеллиладан, мактан, арахистен және леллеманциядан бір цент нер тұқым алынатын болсын.

Мемлекетке міндетті түрде астық тап ыру жоспарын орындағанға кейін кол ыоздарға заготзерноның пункттерінен олардың міндеттеме бойынша және кон ырактация бойынша тапсырған горчица, соя, перилла, мак, арахис, леллеманция тұқымдарының әрбір центнеріне 2 центнерден астық берілсін;

б) 1945 жылғы егін өнімінен бастап міндетті тапсырма есебінен майлы егіс тұқымын өткізген колхоздарға май және күн жора беру жөніндегі мөлшер МТСың жұмысына заттай ақы есебінде колхоздар ыан өткізілген майлы егіс тұқымы жөнінде де қолданылатын болсын.

4. ССРО Тамақ Өнеркәсіп Халық Ко ыссариятына майлы егістер егу жөнінде колхоздарға соғыстан бұрын агрономия ық жағынан қызмет етіп келген орын ыарды 1945 жылы қалпына келтіру мін ыеттелсін.

ССР Одағы Халық Комиссарлары Сове ті мен БК(б)П Орталық Комитеті ауыл шаруашылығын өркендетудің 1945 жыл ы жоспарын орындау совет және партия ұйымдарының, жер орындарының, кол ыоздардың, МТСардың және совхоздар ың, коммунистер мен комсомол мүшеле рінің, агрономдардың, колхозшылар мен колхозшы әйелдердің, жұмысшылар мен қызметшілердің Қызыл Армия мен халық ы азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикі затпен жабдықтау жөніндегі соғыстық шаруашылық міндеті деп біледі.

Мал қыстату маусымын
үлгілі өткізейік!

Мал өсірушілердің мәслихаты

Жақын арада Совет ауданында алдыңғы қатарлы мал өсірушілердің аудандық мәсли хаты болып өтті. Мәслихатта 1944 жылы мал өсірудің мемлекеттік жоспарының орын далуы және мемлекетке мал шаруашылы ғының өнімдерін тапсырудың барысы, мұ ымен бірге, мал өсіру жолындағы алдағы міндеттер туралы мәселелер қаралды.

Мәслихатқа қатысқан ауданның бар ық мал өсірушілерін мал қыстату маусы мын үлгілі өткізуге, мал өсірудің мемле ыкеттік жоспарын мұлтіксіз орындауға, елі міз бен майданға мал шаруашылық өнімде рін еселеп мол беруге, сөйтіп 1945 жылы мал шаруашылығында зор табыстарға же ытуге шақырды.

Мал өсірушілер үстіміздегі жылы әрбір жүз сыйырдан 95 бұзау, әрбір 100 қойдан 105 қозы, әрбір 100 биенен 70 құлын өсі руге және әрбір мегежінен 12 торай алу ға міндеттенді. Олар мал шаруашылығы ың өнімін мейлінше арттырып, әрбір қой ыан 3 килограмм жүн қыркуға, әрбір сауын ыыырдан 1200 литр сүт саууға серт бер ді.

Мәслихатқа қатысушылар ферма жанын ыдағы учаскелерде жеміс тамырлы өсімдіктер егу жөнінде де бір талай міндеттер алды.

Қ. ЖАҚЫПОВ.

МАЛ ӨСІРУШІ СТАХАНОВШЫЛАР

Сталин атындағы (Ленин ауданы) кол ызда мал өсіруші стахановшылар ката ы барып сайын көбейе түсуде. Олардың бірі—сауыншылар Парагина және П. До рошенко жолдастар. Парагина жолдас өткен жылы әрбір сауын сыйырдан 1300 литр, Дорошенко жолдас—1451 литр сүт сауыды.

Мал өсіруші стахановшылар «Бірлік» колхозында да аз емес. Мұнда қозы күт ылер Белгібекова, Сарсенова, Дүйсе ыкина және ионан Батыржанов сыяқты таңдаулы адамдар бар. Батыржанов жо ыдас 1944 жылы 264 сауықтың, 282 қо ым алып оларды аман өсірді.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 27 февраль. (ТАСС). Одақ ыстардың Европадағы әскерлерінің жоғар ы командозанисі штабының хабарында былай делінген: Германияда одақтастар ың жау әскер бөлімдері танктердің кө мегімен, жаудың қатты қарсылығын жеңе отырып, Кендалыңге дейін (Рейн облысын, да) алға басты, мұнда кескілескен ұрыс тар болып жатыр.

Рей өзенінің шығыс жағында одақтастар әскерлері тағы да алға басты. Лининхтың солтүстік жағындағы ауданда одақтастар әскерлері Грантерат пен Кукховты алды. Юлихтың солтүстік-шығыс жағында одақ ыстар әскерлері Амелын мен Оберембтты және Гамбах орманының басым көпшілігін алды. Юлих-Дюрей ауданында одақтастар әскерлері Эльсдорф төңірегінде жетіп, Блац хейм мен Эппельерге, Фраунхольсхеймге аяқ басты. Көп қала, оның ішінде Бюир, Гольцхейм, Реммерсхейм, Дрофе және Бойх қалалары алынды. Дюрей дүшпанын толық тазартылды.

Одақтастардың танк бөлімдері Битбург маңында Нимс өзенінен өтті. Бұл ауданда одақтастар әскерлері Лиссені, Обервейсті, Беттингенді және Мессерихты алды. Саар ыбургтің солтүстік-шығыс жағында одақтас тардың танк отрядтары Шоденді дүшпанын тазартты.

24 февральда одақтастар әскерлері жау ыдан 3500 адам қолға түсірді.

26 февральда 1200ден аса ауыр бомба ны 700ден аса истребительді ертіп шығып, Берлиннің үш темір жол станциясын бом ылады.

Ауыр бомбышылардың екінші бір құра ыалары истребительдерді ертіп шығып, Гортпундті жасанды мұнай зауыдына ша ыуыл жасады.

27 февральда қараған түнде жеңіл бом ышылар Берлин мен Нюренбергке шабуыл жасады.

Одақтастар авиациясы дүшпанның қаты ыас жолдарына шабуыл жасады.

ЛОНДОН, 27 февраль. (ТАСС). Одақтас тардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай дел ынген: Италияда 5-армияның бөлімдері Бельведер және Белла Торачча биіктерін дегі шенте дүшпанның қарсы атакаларын тойтарды, сөйтіп дүшпанды едәір шығын ға ұмыратты. 5-және 8-армиялардың басқа учаскелерінде күзет әскерлері қыймыл жа ыады.

Одақтастардың тактикалық авиациясы самолеттерінің ірі құрамалары 26 фывраль ыа дүшпанның Солтүстік Италия мен Юго ылавиядағы соғыс орындарын бомбылады. 26 февральда қараған күнде жеңіл бомба нылар жаудың Солтүстік Италиядағы жо ықатынас орындарына, электрстанция мен бір заводқа, сол сыяқты Австриядағы дүш ыанның бір аэродромына ойдағыдай ша ыуыл жасады.

Ағылшын авиациясының Берлинге шабуылы

ЛОНДОН, 27 февраль. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, 27 февральда қараған түнде ағылшын самолеттері Бер ылинге шабуыл жасаған. Сонымен, 24 са ыттың ішінде Германия астанасына үшінші рет шабуыл жасалды.

Берлинді бомбалаған ағылшын самолет ытерінің командалары 27 февральда қараған түнде бұдан бір аз уақыт бұрын Америка авиациясының шабуыл жасауы нәтижесі ыде шыққан өрт жалынын көрді. Самолет ыкипаждарының айтуына қарағанда, Бер ылинді бомбалаудың нәтижелері ойдағыдай болған көрінеді.

Американың 1800 самолеті Лейпциг мен Галлеге шабуыл жасады

ЛОНДОН, 28 февраль. (ТАСС). 1100дей ауыр бомбышымын 700 истребительді ертіп шығып, 27 февральда Лейпцигтегі және Лейпцигтің солтүстік-батыс жағындағы Галледегі ірі темір жол деполарына ша ыуыл жасағандығын Американың страте ыялық соғыс-әуе күштерінің штабы хабар етті.

Румын үкіметінің орнынан түсуі

БУХАРЕСТ 28 февраль. (ТАСС). Бүгін министрлер советінің председатели генерал Радеску корольге кабинеттің орнынан түс ыкендігі жөнінде мәлімдеме тапсырды. Ко ыоль бұл өтінішті қабылдады. Король жаңа үкімет құруды ескере отырып, кеңес ашты.

Г. ЧЕРКАСОВ,

Облыстық Заготзерно менгөрушісінің орынбасары.

Жауапты редактордың орынбасары
Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Астық тасу жұмысындағы көмшіліктер жедел жойылсын

Облысымызда темір жол бойынан қашық түпкірдегі пункттерде әлі де болса көп астық жатыр. Алайда, облысымыздың аудандарында түпкірдегі пункттерден темір жол бойына астық тасу жұмысының барысы мүлде қанағаттанғысыз болып отыр. Февраль айының 20 күніне та ғайыналған тапсырманың бар болғаны 43 проценті ғана орындалды. Түпкірдегі пункттерден астық тасуда әсіресе Прие шім, Октябрь, Совет және Булаев аудан ыары артта қалып келеді.

Түпкірдегі пункттерден астық тасу жұмысының соғыс-шаруашылық маңызы бар. Ауыл шаруашылық жұмыстарымен бірге, астық тасу жұмысын да ұштасты ра жүргізіп, бұл жұмысты ұйымдастыру ыа қабілеттілік көрсету және еліміз бен майданның астықпен тыңғылықты жаб ықталуын қамтамасыз ету жергілікті партия, комсомол және совет ұйымдары ың, совхоздар мен колхоз басшылары ың жауынгерлік міндеті болып санала ыды.

Алайда, бір талай колхоздардың және совхоздардың басшылары түпкірдегі пункттерден темір жол бойына астық тасу жұмысына немқетті қарап, тапсыр

маның орындалуын қамтамасыз етпей ке ыледі. Міне, осының салдарынан Приеш ім және Булаев аудандарының колхоздар ы астық тасу жөніндегі айлық тапсырманы 26 процент ғана орындады. Ал Совет ау ыанының басшылары астық тасудағы өт ыен айлардағы табыстарға масаттанып, соңғы кезде астық тасу жұмысын бәсе ыдетін алды. Бұл ауданда бір ай ішінде 600 тонна астық тасулы орнына, 179 тонна ғана астық тасылды. Ал ауданны ы пункттерінде әлі де болса тасылмай жа ықан 5491 тонна астық бар.

Мемлекет астығын темір жол бойына жеткізу ісіне Совет совхозының директо ы Глухов жолдас мүлде жауапсыз қарап отыр. Бұл совхоздың қоймаларында әлі де көп астық бар. Совхоздың қоймалар ы ұзақ уақыт астық сақтауға бейімделме ыген. Сондықтан да мұнда астықтың бүліну қаупі туып отыр. Не пайда, Глухов жо ыдас мұны ескермеді. Февральдың 20 кү ні ішінде совхоздан темір жол бойына 18 көлік және екі трактор тама астық әкел ді. Соңғы он күнде элеваторға астық та ыу жұмысы мүлде тоқтап қалған.

Кейбір аудандарда түпкірдегі пункттер ыан астық тасуда жүрген колхозшыларға,

және жұмысшыларға заттай ақы төлеу жұмысы ұмыт болған. Мұның өзі кол ыозшылар мен жұмысшылардың түпкір дегі пункттерден астық тасуға ынтала ыуына зор әсер етіп отыр. Колхозшылар ың және жұмысшылардың тілегін орын ыаудан Заготзерно мен аудандық дайын ыау орнының қызметкерлері де сырт қа ылып келеді.

Кейбір Заготзерно орындарында пункт директорларының икемсіздігі жө ыінде көптен бері сөз болып келеді. Мәсе ылен, Ленин ауданындағы пункттердің ди ректоры Речетов жолдас дайындау орын ыарында көліктердің текке тұрып қалуын ығын көрсе де көрмей жүр. Бірақ, бұл жөніндегі дабылдарға ешкім құлақ қойған емес.

Көктемге санаулы ғана күндер қалды. Көшікпей колхоздарымыз бен совхоздар ымыз егіс жұмыстарына кірісеті. Олай бол ыса, түпкірдегі пункттерден астық тасуда ы бұл сыяқты көмшіліктер мен еңс ыбырлықтарды дереу жойып, астық тасу жөніндегі тапсырмалардың әрбір колхоз бен совхозда, сөзсіз орындалуын қамта ымыз ету керек. Жергілікті партия, және комсомол ұйымдары қазір осы мәселе ые баса көңіл аударатын болсын.

Г. ЧЕРКАСОВ,

Облыстық Заготзерно менгөрушісінің орынбасары.